

Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу Қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 28 мамырдағы N 324 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 4 маусымда N 14-15-75 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 7 ақпандағы N 66 Қаулысымен

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара ауданы әкімдігінің 2011.02.07 N 66 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына және 2001 жылдың 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 18-1 бабының 4 тармағына сәйкес, аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы **Е Т Е Д І :**

1. Қоса тіркелген әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу Қағидасы бекітілсін.

2. "Әлеуметтік жұмыс орындарын ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу Қағидасы туралы" Шардара ауданы әкімдігінің 2006 жылғы 1 наурыздағы N 72 (N 14-15-23 нормативтік құқықтық актілер мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген, 2006 жылғы 21 наурыздағы "Шартарап-Шарайна" газетінде жарияланған) қаулының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары О. Бердешовке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

М. Мараим

Шардара ауданы әкімдігінің
2009 жылғы 28 мамырдағы

N 324 қаулысымен бекітілген

Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу Қағидасы

1. Жалпы Қағидалары

1. Бұл Қағида Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңына сәйкес әзірленген және нысаналы топқа жататын жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұсынатын жұмыс берушілердің іріктеу Қағидасын белгілейді.

2. Осы Қағида мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) әлеуметтік жұмыс орны – жұмыс беруші нысаналы топтардағы жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін жергілікті атқарушы органмен шарттық негізде құратын, жұмыс берушінің олардың еңбегіне ақы төлеу шығындары ішінара өтелетін жұмыс орны;

2) жұмысқа орналастыру – халықтың еңбекпен қамтылуын қамтамасыз і с - ш а р а л а р к е ш е н і ;

3) нысаналы топтар – жұмысқа орналасуда қиындық көріп жүрген және әлеуметтік қорғауды қажет ететін адамдар ретінде белгіленген адамдар топтары;

4) жұмыс беруші – қызметкермен еңбек қатынастарында тұратын заңды н е м е с е ж е к е т ұ л ғ а ;

5) уәкілетті орган – жергілікті атқарушы органдардың аймақтық деңгейде халықтың жұмыспен қамтылуына жәрдемдесу үшін және жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімшесі (бұдан әрі – у ә к і л е т т і о р г а н) .

3. Жұмыс іздеп жүрген, бірақ жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі (әрі қарай – уәкілетті орган) жұмыссыз деп танымаған шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға осы Қағида қолданылмайды.

4. Әлеуметтік жұмыс органдарында жұмыс істейтіндердің еңбек және басқа қатынастары Қазақстан Республикасының Заңдарымен реттеледі.

2. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру

5. Жұмыс беруші, нысаналы топтардағы жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін уәкілетті органмен шарттық негізде жұмыс орындарының саны шектелмейтін және уақытша сипаттағы әлеуметтік жұмыс орындарын құрады. Оны ұйымдастыру үшін тұрақты жұмыс орындары мен лауазымдар п а й д а л а н ы л м а й д ы .

6. Әлеуметтік жұмыс орындарын құрмақшы болуға тілек білдірген жұмыс беруші, уәкілетті органға құрылатын әлеуметтік жұмыс орындарының саны, көрсетілген еркін нысанды өтініш береді және оған мына құжаттарды қоса т а п с ы р а д ы :

1) кәсіпорынның, мекеменің жарғысының көшірмесі;

2) кәсіпорынның, мекеменің мемлекеттік тіркеу куәлігінің көшірмесі;
3) мәлімет берер күнге дейінгі соңғы айда төлем ақы қарызының жоқтығы туралы салық басқармасының анықтамасы.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара ауданы әкімдігінің 2010.06.07 N 400 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

7. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеп, тізімін жасауды уәкілетті орган төмендегі сипаттар негізінде жүзеге асырады:

1) қаржы ахуалы;

2) материалдық базасының барлығы және техникалық жарақтандыруы.

8. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұсынатын жұмыс берушілердің тізімін уәкілетті орган жасайды және екі жақты "Уәкілетті орган – Жұмыс беруші" келісім шартқа тұрады.

9. Шартта тараптардың міндеттері, жұмыстың түрлері, көлемі, еңбекақы төлеу мөлшері мен шарттары, әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру мерзімі мен көздері қамтылуға тиіс.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара ауданы әкімдігінің 2010.06.07 N 400 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

10. Әлеуметтік жұмыс орнына орналасқан нысаналы топтардағы жұмыссыздардың жұмыс істеу мерзімі алты айға дейін болуы мүмкін. Еңбек шартының ұзақтығы алты айдан асқан жағдайда, жұмыс беруші бұл қызметкерді тұрақты жұмысқа орналастыру мүмкіншілігін қарастырылады.

Ескерту. 10-тармаққа өзгерту енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара ауданы әкімдігінің 2010.06.07 N 400 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

3. Жұмыссыздарды әлеуметтік жұмыс орнына жіберу.

11. Жұмыссыздарды әлеуметтік жұмыс орындарына жіберуді шарттық негізде, жұмыссыздың келісімі мен уәкілетті орган жүзеге асырады.

12. Жұмыс беруші жұмыссызды жұмысқа қабылдағандығы туралы бұйрықтың көшірмесін үш күн мерзімде уәкілетті органға береді.

13. Әлеуметтік жұмыс орнына жұмысқа орналастырылған жұмыссыздар, өз бетінше себептерден жұмысты тоқтатқан жағдайда, жұмыссыз ретінде қайтадан тіркелген күннен үш ай өткеннен әлеуметтік жұмыс орнына жаңадан жіберілуі мүмкін.

4. Ескерту. 4-тарау алынып тасталды - Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара ауданы әкімдігінің 2010.06.07 N 400 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

5. Есеп берушілік

20. Жұмыс беруші бос жұмыс орындары (бос қызметтер) пайда болған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде олар туралы уәкілетті органға мәлімет ж і б е р е д і .

21. Жұмыс беруші уәкілетті орган берген жолдамаға тиісті белгі қою арқылы жұмысқа қабылдау немесе жұмысқа қабылдаудан бас тарту себебін көрсете отырып, ол туралы дер кезінде (уәкілетті орган оған азаматтарды жіберген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде) хабарлауға тиіс (бұйрықтың көшірмесін қ о с а б е р е д і) .

22. Аудандық жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган әлеуметтік жұмыс орындарына жіберілген жұмыссыздардың жұмыспен қамтылуына тұрақты мониторинг жүргізеді және олардың жұмыспен қамтылуы туралы Оңтүстік Қазақстан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар департаментіне тоқсан сайын ақпарат береді.